

Қазақстан Республикасының өкілдерін Халықаралық Аралды құтқару қорының атқару комитетіне жіберу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 4 маусым N 918. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 1999.11.17. N 1734 қаулысымен. ~P991734

Орталық Азия мемлекеттері басшыларының 1997 жылғы 28 ақпандағы Халықаралық Аралды құтқару қорының құрылымын қайта ұйымдастыру туралы шешіміне сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасынан Халықаралық Аралды құтқару қорының Атқару комитетіне уәкілетті өкіл етіп Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Су ресурстары жөніндегі комитетінің Балқаш-Алакөл бассейндік су шаруашылығы бірлестігінің бастығы Оспанов Медет Оспанұлы және Халықаралық Аралды құтқару қорының Атқарушы дирекциясы Қызылорда филиалының директоры Баялымов Дәулетияр Аймағамбетұлы жіберілсін.

2. "Арал теңізі бассейнінің проблемалары жөніндегі Халықаралық кеңестің Атқарушы комитетіне Қазақстан Республикасының өкілетті өкілін жіберу туралы " Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 3 қазандағы N 1224 қаулысының күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі